

## МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҒЫ ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Сералиева А.Н., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты  
Ильясова Г.А., з.э.к., доцент, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі кезеңде болып жатырған қоғамдағы демократиялық құбылыстар мен құқықтық мемлекет құруға беталыс, экономикалық қатынастардың дамуына байланысты азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың шеңберінің ұлғаюы, азаматтық құқықтағы жеке-құқықтық институттардың көбеюі жалпы алғанда, құқықтық реттеу саласына, соның ішінде мұрагерлік құқық институтына әсер етпей қоймады. Мұрагерлік құқығы институтының көне тарихына қарамастан, аталмыш құқықтық институтқа қатысты мәселелер де азаяр емес.

Соңғы ҚР азаматтық кодексінің ерекше бөліміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мұрагерлік институтын құқықтық реттеуді жетілдіруге үлкен үлес қосты. Әсіресе, мұраны қабылдау, мұрагерлік құқықты рәсімдеу ережелері мұрагерлердің кейбір санаттарының мұрагерлік құқығының туындау, мұраның құрамына кіретін мұра қалдырушының мүлктік құқықтары мен міндеттерін сұрақтарын нақтылап берді. Бұл өз кезегінде оңды жағы болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында салыстырмалы жақын арада пайда болған мұрагерлік туралы нормалардың көпшілігі толық жетілдірілмеген. Сондықтан олардың теоретикалық тұрғыдан мәнісін ашу және тәжірибелік қолданылуына баға беру қажет деп санаймыз.

Қолданыстағы заңнамадағы мұрагерлік құқықты реттеу бойынша орын алған ақаулықтарды жою мақсатында біз келесідей мәселелерді айқындаймыз және оларды шешу жолдарын көрсетуге тырысамыз:

Өсиеттің нысаны туралы нормалар қызығушылық танытатын сұрақ болып табылады. ҚР АҚ-нің 1050-бабы бойынша, «өсиет оның жасалған жері, күні және уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс» [1]. Өсиеттің міндетті түрде жазбаша нысанда жасалуымен және нотариаттық куәландырылуымен келісе отырып, біздің көзқарасымыз бойынша, өсиетті жасау кезінде бейнежазба мен аудиожазба құралдарын қолдануға заңшығарушының рұқсат бермеуі тиімсіз деп санаймыз. Әрине, бұндай норманы енгізбеу заңшығарушының мәміленің жарамдылығын, яғни өсиет қалдырушының ерік білдіру мүмкіндігін қорғауды қамтамасыз ету ниетінен туындап отырғаны белгілі. Өмірде орын алған жағдайларды есертін болсақ, өсиет қалдырушының соңғы ерік білдіруін техникалық құралдарды қолдану арқылы жазу қорқыту, күш көрсету, қауіп төндіру және т.б. әртекеттердің күшімен жасалатыны бізге мәлім. Дегенмен, өсиет білдірудің мұндай нысаны көптеген елдерде бұрыннан бері қолданысқа ие. Тіпті жазбаша нысанның өзі де өсиет бойынша мәміле жасаушының ерік білдіру құқығына нұқсан келтірілмеуіне кепілдік бере алмайды да.

Қолданыстағы заңнама өсиетті жасаудың жазбаша нысанын қарапайым тәсілмен жасалу тәртібін қарастырмайды. Атап айтқанда, төтенше жағдайлар болған кезде (адам өмірінің соңғы сағаттарында, минуттарында) мұра қалдырушының ерік қарапайым жазбаша нысанда немесе тіпті ауызша жасалуын заң қарастырмайды. Өсиет қалдырушының ауызша ерік білдіруін айқындау қиынға соқтыратын жағдайларда мұндай нормаларды орнату өте ыңғайлы болар еді.

Мәселен, Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 1129-бабында төтенше жағдайларда өсиет жасау құқығын қарастырады. Бұл ереже бойынша, өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда болған азамат, төтенше жағдайларға байланысты мүлкіне қатысты соңғы еркін жай жазбаша нысанда білдіруге құқылы. Азаматтың соңғы ерік білдіруін жай жазбаша нысанда білдіруі оның өсиеті деп танылады. Ол үшін өсиет қалдырушы екі куәгердің қатысуымен өз қолымен өсиет жазып, қолын қойса, мазмұнынан өсиет қалдырғаны белгілі болса өсиет деп саналады [2].

РФ АҚ-нің 1129-бабында заңшығарушы екі ұғымды қолданады: адамның өміріне қауіп төніп тұрған жағдай және төтенше жағдайлар. Төтенше жағдайлар алын ала ұйымдастырылған мән-жайлар (жаппай тәртіпсіздік, терроризм, тұтқынға алу, соғыс және т.б.) болуы мүмкін және алдын ала белгісіз болған жағдайлар (стихиялық апаттар, технологиялық апаттар) болуы мүмкін [3, 5]. А.С. Михайлова атап көрсеткендей, аталмыш баптың мазмұнынан заңшығарушы осы екі ұғымның табиғаты мен мазмұндарын ажыратпай, екі ұғымды қолданып отыр. «Төтенше жағдайлар» ұғымының мағынасы «өмірге қауіп төніп тұрған жағдай» ұғымынан кеңірек. Тұлға өміріне нақты қауіп төніп тұрған жағдайда ауыру иә адамға өлім қауіпін төндіру арқылы өсиет жазуға мәжбүрлейтін жағдайда болуы мүмкін. Өмірге қауіп төнеді, бірақ бұл жоғарыда атап көрсетілген төтенше жағдай болып

табылмайды. Керісінше, адам автокөлік апатында болған кезде өміріне қауіп төнетін жағдайда болады [4].

РФ АҚ-нің 1030-бабынан өсиет қалдыру құқығын шектейтін ережені байқаймыз, онда төтенше жағдайларда жасалған өсиетпен тек қана осындай өсиеттің күші жойылуы мүмкін немесе өзгертілуі мүмкін делінген. Демек, егер бұрын нотариатпен куәландырылған өсиет жасалған болса, онда кейін төтенше жағдай кезінде жасалған өсиет бұрын жасалған өсиетті жоймайды немесе өзгерте алмайды деп түсінуге болады.

Бүгінгі күні азаматарымыздың көпшілігі өсиет қалдыруға әлі де болса немқұрайлы қарайтын болса, себебі өсиеттің қайтыс болу жағдайында күшіне енуі, жамандық шақырумен іспеттес деп ойлайды. Сол себепті олар бұл туралы ойламауға тырысады және де өсиет жасамайды. Дегенмен, адам өмірінде ойламаған жерден пайда болатын түрлі экстремалды жағдайлар кездесетін анық (апат жағдайлары, тұтқынға алу және т.б.), адам өлім алдында өз мүлкіне билік ету құқығын іске асыруды қалайтын жағдайлар болып жатады. Заң бұндай жағдайда азаматқа қарапайым түрде өсиет қалдыру мүмкіндігін бере отырып, оның мүліктік құқықтарын қамтамасыз етер еді.

ҚР АҚ-нің 1058-бабы бойынша «өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге қандай да болсын әрекет жасау немесе кредит беруші ретінде осы міндетті атқаруды талап ету құқығын ешкімге ұсынбастан одан тартыну міндетін жүктей алады». Өсиет қалдырушының ерік білдіруін құқықтық реттеу сәтсіз жазылған норма болып табылады. Себебі, Заң өсиет қалдырушыға мұрагерге қандай да болсын әрекет жасауды міндеттейді немесе оны орындаудан бас тартуды жүктеу мүмкіндігін бере отырып, кредит беруші ретінде осы міндетті атқаруды талап ету құқығын ешкімге бермейді. Заң шығарушының мұндай позициясы өсиетте жүктеу арқылы ауыртпалық сала отырып, мұрагердің адалдығына сенгендігінен деп түсінеміз. Бірақ, мұндай нұсқау беру жүктеудің орындалуын толық қамтамасыз ете алмайды, өйткені талап етуге құқылы тұлға жоқ, яғни өсиеттік бас тарту (легат) туралы ережедегідей, жүктеу бойынша міндеттейтін әрекеттердің орындалуын бақылау мүмкін емес.

Заң әдебиетінде айтылып жүрген кейбір пікірлер заң бойынша мұрагерлерді мұрагерлікке шақырудың кезегінің көптігін сынайды. Олар мұраға қалдырушының мұрагерлерінің тобына кіретін алыс туыскандардың әлеуметтік байланысына, мұраны иелену құқығына күмәнмен қарайды.

ҚР АҚ-нің 1083-бабына сәйкес, мұраны иесіз қалған мүлік деп тану мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша жергілікті атқарушы органдарының өтініші негізінде сотпен танылады. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған мүлік деп танылуы мүмкін. Мұндай аз уақыттың ішінде мұраны иесіз қалған мүлік деп тану арқылы мемлекеттің меншігіне ауысуы негізсіз деп санаймыз. Қандай жағдай болса да мұрагердің құқығы қорғалуы тиіс деп санаймыз. Сол себепті иесіз деп танылған мүлікті мұрагер келген жағдайда кез келген уақытта қайтарып берген жөн.

Біз О.А. Птушкинаның ғылыми зерттеу жұмысында атап көрсеткен талап қойылған өсиет туралы пікірімен келісеміз. Оның ойынша, қазіргі уақытта қарама-қайшы құқықтық позициялардың болуымен, әртүрлі құқық қолдану тәжірибесінің болуына байланысты даулардың көбеюіне әкелетін болғандықтан, талап қойылған өсиетке қатысты мәселелерді құқықтық реттеу қажеттігі туындап отыр. Аталмыш себептер бойынша заңнамада талап қойылған өсиетке қатысты нақты позицияны мазмұндау қажет [5]. Қазақстан Республикасында қоғамдық қатынастардың дамуының қазіргі кезеңінде құқықтық мәдениет деңгейі мен өсиетті орындау мәселелерін құқықтық реттеуді ескере отырып, заңнамада талап қойылған өсиетті жүзеге асыруды құқықтық реттеуді қолға алу қажет деп санаймыз.

Талап қою арқылы өсиет жасау мүмкіндігі туралы мәселе көптеген ғылым-цивилисттермен қарастырылған болатын, олардың көпшілігі мұндай өсиет заңға қайшы келмейді деп тұжырымдады. Бірақ, ҚР Конституциясымен кепілдік берілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін өсиетте талаптар қоюға жол берілмейді. Мысалы, белгілі бір кәсіп түрін таңдау туралы, белгілі бір ЖОО-на түсу туралы, нақты бір секен-жайа тұру қажеттігі, діни жоралғыны орындау немесе орындамау туралы, белгілі бір тұлғамен некелесу туралы талаптардың барлығы заңсыз.

М.Ю. Барщевский жоғарыда аталған талаптар қойылған өсиет бойынша мұрагер талап қойылған бөлігінде өсиетті жарамсыз деп тану туралы талап қоя отырып сотқа жолдана алады деп атап көрсетеді. Оның талап арызын қанағаттандырған жағдайда ол өсиеттің талабын орындамай мұралық мүлікті қабылдай алады. Егер де өсиеттегі талаптарды орындау (егер құқықыл талаптар болса) мұрагердің еркінен тыс себептерге байланысты мүмкін болмаса, онда осы мән-жайлар сот шешімімен анықталған болса мұралық мүлік сол сияқты мұрагердің меншігіне берілуі тиіс, ал егер ол қайтыс болса, онда оның мұрагерлерінің меншігіне беріледі [6, 68]. Мәселен, өсиетте қойылуы мүмкін

құқылы талаптардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: мұралық мүлікті белгілі бір жасқа жеткен соң қабылдау; өсиет қалдырушы қайтыс болған соң белгілі бір жылдар өткен соң мұралық мүлікті иелену; маскүнемдікке салынуды тоқтату; жұмыспен айналысу және т.б. Әрине, барлық құқылы немесе құқыққа қайшы талаптарды тізіп жату мүмкін емес, сондықтан дау туындаған жағдайда бұл мәселе сот тәртібімен шешілуі тиіс.

Келесі авторлардың тобы мұраның ашылу уақытында пайда болатын өсиетті міндеттер жүктеу арқылы ғана жасалуы тиіс деген пікірді ұсынады [7, 34], ал үшінші топтағы авторлар міндеттер жүктеу арқылы өсиет жасауға жол берілмейді деп пайымдайды [5].

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселені шешу үшін, келесі негіздер бар: біріншіден, ҚР АҚ-нің 1058-бабында өсиетте міндетті жүктеу құқығы қарастырылған, ал ҚР АҚ-нің жалпы ережелері міндеттер жүктеу арқылы мәміле жасасуға жол береді. Екіншіден, кез келген міндеттеу талабы тұлғаның құқық қабілеттігін шектемейді.

Қолданыстағы заңнама өсиетті орындауды тек қана азаматтармен - өсиет жүктелген өкілмен орындауға жол береді. Сонымен қатар, заңды тұлғаларға да өсиетті орындаушы қызметін атқаруына тиім салынбайды. Сондай-ақ өсиетті орындауды бірнеше орындаушыға жүктеу мүмкіндігін құқықтық реттеу қажеттігі, өсиет жүктелген өкілді қайта тағайындау туралы атап көрсетіледі. Өсиетті орындауды екі орындаушыға жүктеудің, өсиет жүктелген өкілді қайта тағайындаудың өзіндік мәнісі бар және тәжірибелік тұрғыда қажет. Бірнеше өсиет жүктелген өкілді тағайындау бірнеше түрлі мүліктер мен мүліктік құқықтарды өсиетке қалдырған кезде өсиетті орындау үшін арнайы білімді қажет ететін болғанда қажет болады. Себебі мұндай жағдайда өсиет қалдырушының тапсырмасын бір ғана орындаушының орындауы мүмкін болмайтын кездер де болады. Мұра бойынша өсиетті орындаушының құқықтары мен міндеттері ауыспайды, өйткені оның жеке басымен тығыз байланысты. Сонымен, бұл мән-жай бірнеше өсиет жүктелген өкілдерді тағайындау қажеттігін растап береді.

Келесі маңызды мәселе, құқық қолдану тәжірибесінде кездесетін жағдай – мұраға қалдырушы жеке тұрғын үйді (иә басқа да ғимаратты) өсиет бойынша мұраға қалдырған болса, ал өсиетте осы құрылыс ғимараты орналасқан жер учаскесіне құқыққа қатысты ештеңе айтылмаған болса, осы жағдайды шешу жолдарын заңнамада реттеу қажет. Өсиет бойынша ғимараттың мұрагерге ауысуы, ал ол орналасқан жер учаскесінің заң бойынша мұрагерге берілуі, әдетте, дау-жанжалдың туындауына әкеледі [5]. Заңнамада келесідей тәртіп орнатуға болады: егер өсиет қалдырушы құрылыс пен жер учаскесін әртүрлі мұрагерлерге өсиетке қалдырып, олардың тағдырын солай анықтаған болса, онда өсиет қалдырушының билік етуі шешуші маңызға ие болады. Егер де өсиет қалдырушы тек қана құрылыстың тағдырын анықтап, осы құрылыс орналасқан жер учаскесі туралы айтпай кеткен болса, онда міндеті түрде сервитут орнату туралы ереже қолданылуы тиіс.

Жоғарыда атап көрсетілген ұсыныстар субъективтік сипатқа ие деп санаймыз, ал біз зерттеген мәселелер осымен тәмамдалған жоқ. Дегенмен, аталған мәселелерді шешу мемлекетке өз азаматтарының мұрагерлік құқықтары мен меншік құқықтарының әділетті қорғалуына кепілдік берер еді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>
- 2 Гражданский кодекс Российской Федерации. Часть 3. 26 января 1996 года N 14-ФЗ // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_9027/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_9027/)
- 3 Гончарова М. Чрезвычайное завещание // ЭЖ-Юрист. - 2012. - № 23. - С. 5-9.
- 4 Михайлова А.С. Институт наследования: проблемы теории и практики // <http://comatek.ru/institut-zaveschaniya.html>
- 5 Птушкина О.А. Исполнение завещания :Правовые проблемы теории и практики: Автореферат дисс. на соиск. уч. степ. канд. юрид. наук. - М., 2007. - 24 с.
- 6 Барщевский М.Ю. Наследственное право. Учебное пособие. - М.: Белые альвы, 1996. - 192 с.
- 7 Виноградова Р. И., Дмитриева Г. К., Репин В. С. Комментарий к Гражданскому кодексу Российской Федерации, части третьей (постатейный) / Под ред. В. П. Мозолина. - М. :Норма,2006. - 414 с.